

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің экономикалық факультетінің 60 жылдығына арналған «**Жаңа болмыс жағдайында экономика және қоғам**» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының **материалдары**, 25 мамыр 2023 жыл, I бөлім= **Материалы** Международной научно-практической конференции «**Экономика и общество в условиях новой реальности**», посвящённой 60-летию экономического факультета Казахского агротехнического исследовательского университета имени С. Сейфуллина, 25 мая 2023 год, I часть = **Materials** of the International scientific and practical conference «**Economy and Society in a new reality**» dedicated to the 60th anniversary of the Faculty of Economics of the S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, May 25, 2023, I part. – 2023. – Ч.1. – Б.254-259.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ӘОЖ 336.225.1

*Қали Р.Қ., магистрант  
Әбенев Е.М., PhD, доцент  
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.*


Мақалада Қазақстан Республикасының салық жүйесінің өзекті мәселелері және экономикадағы ролі зерттеледі. Салық механизмі-экономикалық жағдайға әсер ететін мемлекеттік құрал. Мақалада короновирустан кейін әлемдегі және Қазақстандағы салық жүйесіндегі өзгерістер зерттеледі. Соңғы деректерді талдау негізінде салық механизмінің тиімді тұстары анықталған. Мемлекеттің салық жүйесі барлық қоғамның әлеуметтік топтарының мүдделерін оңтайлы үйлестіруге негізделуі керек. Салық жүйесінің тиімділік принципі әлем елдерінде бүгінгі күнге дейін басты мәселе болып келе жатқан көлеңкелі экономикаға қарсы күрес амалдарын жеңілдетеді. Мемлекеттік салық жүктемесінің тиімді тұстарын анықтауға деген ұмтылысы өндіріс көрсеткіштерінің жоғаруына әсер етеді. Ұлттық экономиканың жоғары дәрежеде дамуына үлес қосады.

Осы зерттеу жұмысы синергетикалық және визуалды әдістерді, құрылымдық талдау әдісін қолдана отырып, жекелеген теориялық ережелерге негізделіп жасалды. Зерттеудің басты әдістері қатарында синтез және талдау, гипотезаларды жобалау ғылым әдістері бар.

Ағымдағы жұмыстың мақсаты саяси-экономикалық тұрақсыздық жағдайында әлем елдерінің тәжірибелеріне негізделіп отырып ҚР салық механизмдерін тұрақтандыру. Салық жүйесін жетілдіру және бақылауды күшейту негізінде көлеңкелі экономикамен күрестің жолдарын табу.

Әлемде орын алған коронавирустық пандемия және мемлекеттердің қауіпсіздік үшін қабылдаған шектеу шаралық салық кодекстерінің тұрақсыздығына, барлық саладағы қаржы жетіспеушіліктеріне әкеліп соқты. Пандемия тек Орта Азия немесе біздің еліміздің экономикасына ғана емес, әлемдік қаржы айналымына әсер етті. Тосын жағдайдан пайда болған өзекті мәселелерді шешу, салық төлеушілер мен мемлекеттің мүддесін оңтайландыру жұмыстары сол кезеңдегі мемлекеттің алдында тұрған басты мәселе еді. Бүгінгі таңда қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының басты мәселелері ыңғайлы және тиімді салықтық бақылауды қамтамасыз ету. Мемлекеттік бюджетті толықтыру механизмін бақылау саласындағы ең басты құралдардың бірі-салықты бақылау органдары.

Қай кезеңде де салық аударымдары мемлекеттік бюджеттің негізгі көзі болып табылады. Аталған жеке функциядан басқа, салық жүйесі әлеуметтік өндірісті, динамикасын, құрылымын және ғылыми-техникалық прогрестің даму деңгейін реттеп отыру үшін пайдаланылып келеді. Барлығымыз білетін, салықтар арқылы компаниялар табысының бір бөлігі мемлекет қазынасына аударылады. Салық механизмі дамудың барлық факторларын жеделдетудің әлдеқайда белсенді жолы болып табылады. Бюджетті толықтырулар саласында әлдеқайда тиімді қызмет атқаратын мекемелер-бақылаушы салық мекемелері. Салықтың төлемдерді жіті бақылаудың әсерінен кез-келген мемлекет қандай да жолмен немесе тәсілмен салық төлемдерінің тұрақты түсуін қамтамасыз ете алады. Сонымен қатар барлық мүмкіндіктерді қолданып толықтыруға тырысады. Бұл мемлекеттің ғана емес сол елде тұратын азаматтардың да қолайлы өмір сүруі үшін аса маңызды. Салықтық түсімдер қоры күтілген және күтілмеген тосын жағдайды мемлекеттік қоғам алдында қандай да бір шығындарын жабу, тұрақтылықты сақтау үшін кепіл бола алады. Қазақстан Республикасында салықтық бақылау төмендегідей негізде жүзеге асырылады [1].



Сурет 1. Салықтық бақылау нысандары  
Ескерту - Деректер негізінде автормен құрыстырылған

Кез-келген елдің бюджеті қаржылық басқару саласындағы басты жоспар болуымен қатар, қаржы ресурстарын жинаудың басты құралы биліктің тұрақтылығын еркін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ал мемлекеттік билік нақты саяси және экономикалық билікті қадағалайды. Осы зерттеу жұмысы барысында біз АҚШ, Германия, Индонезия сынды алдыңғы қатарлы мемлекеттердің салықтық түсімдерді бақылау тәжірибесімен танысып, зерттеулер жүргіздік. Салық төлемдерінің қоғамның дамуындағы орынын көрсететін дерек салық жүктемелері болып табылады. Олардың көрсеткіштік мәні салықтар мен міндетті төлемдердің жалпы ішкі өнімге әсері негізінде анықталады. Айта кететін дүние, салық аударымдарының мемлекеттік маңызы, экономикалық даму жолында тәжірибесі бірдей, географиялық және климаттық факторлары ұқсас мемлекеттердің өзінді бір-бірінен анағұрлым ерекшеленеді. Соның негізінде салық жүктемелері деңгейлерінде де ауқымды айырмашылықтар кездеседі.

Дағдарысқа қарсы шара ретінде бірнеше мемлекеттер бағалы қағаздарды сатып алу-сату операцияларының сомасынан алынатын қаржылық операцияларға салық төлеуді енгізді. Қаржылық транзакцияға салынатын салық сатушы мен сатып алушы төлейтін айналым салығы ретінде қарастырылады. Сондықтан есептеу механизмі бойынша NFT «классикалық» жанама салықтардан (қосымша құн салығы мен акцизден) ерекшеленеді; олардың сомасы салық салынатын тауарларды сатушы бағаның бір бөлігі ретінде сатып алушылардан алады, содан кейін бюджетке айырмасы төленеді [2].

Бәріміз білетін экономикалық теорияда салық жүктемелері мемлекет бюджетіне аударылатын салықтардың елдің ЖІӨ-ге қатынасы ретінде түсіріледі. Егер сіз жалпыға ортақ тәсілдерді ұстанатын болсаңыз, оған сай ақырғы 8 жылда жалпыға ортақ қате түсінікке қарамай, біздің мемлекетте салық жүктемесі айтарлықтай өспегенін, қайта 2021 жылы 17,7%-дан 2022 жылы 13,7%-ға дейін тұрақты мөлшерде азайғанын байқасыз. Осы жерде салық жүктемесін 2010 жылдан бастап тұрақты азайтып келуде салық мөлшерлемелерінің 2009 жылда азайту маңызды рөл ойнады. (2009 жылы Қазақстанда Салық кодексіне өзгерістер енгізіліп, онда КТС 30%-дан 20%-ға дейін, ҚҚС 13%-дан 12 %-ға, әлеуметтік салық 13%-дан 11%-ға дейін төмендеген) [3]. Егер біздер мемлекетіміздегі шаруашылық жүргізетін субъектілерге салық жүктемесін, әлемнің дамыған мемлекеттерінің салық жүктемелерімен салыстырсақ, біздің мемлекетте ол салыстырмалы түрде аз. Мәселен, Данияда салық жүктемесінің мөлшері ЖІӨ-нің 34,2%, Австрияда 25,3%, Ұлыбританияда 25,4% құрайды. Бұл негізде дамыған мемлекеттердің салық жүктемесінің мөлшері біздікінен әлдеқайда көп мөлшерде. Батыс Еуропа аймағындағы жетекші мемлекеттердің салық жүйесі қазір әлемдік салық жүйесінде тиімділік бойынша көш бастап тұр. Біздің өмір сүрген уақыттан бұрын салықтардың түрлері көп әрі мөлшері жоғары болған. Соны ішінде біздің мемлекетте бұндай жан-жақты жүйе болмаған. Барлық мемлекетте салыққа

жауап беретін органдар күшті материалдық базаға ие болып отыр. Олар арнайы салықтық тергеу қызметтерін тұрақты ұйымдастырады. Салық төлеуші тұлға тарапынан арнайы схемалар және салық мөлшерлерін азайту шараларын жасайды. Салық саласындағы заңдардың тиімді тұстарын қамтитын бағдарламаларды жасайтын жоғары білімі мен тәжірибесі бар білікті заңгерлер мен бухгалтер мамандар ұсынады. Салық органдары XVIII ғасырда салық жинаушы ретінде қалыптасқан. Мемлекеттік көлік қатынастары дамуымен қатар бюрократиялық ақпараттың бұл түрі де кеңейе берді. Салық ведомстваларының ауқымды қызметкерлер штаты жұмыс жасады. Атап айтқанда АҚШ-та 120 000 адам, Ұлыбританияда 100 000 адам, Францияда 82,4 мың адам. Аталған көрсеткіштер бюджеттік және қажы мекемелер жүйесінде жұмыс жасайтын адамдарың шамамен 45% құрайды. Қазір бұл көрсеткіштерде бірінші тұрған мемлекет Ресей Федерациясы [4].

Қызметкерлер саны 180 000 адам. Осылайша, АҚШ, Германия сияқты басқа да дамыған елдерде салық жүйесі қызметтерінің тиімді жұмысына ықпал ететін факторлар деп төмендегілерді көрсетуге болады:

- салық салудың барлық түрлері, сонымен қатар салықтық қатынастардағы барлық тараптардың тең құқығы нақты жазылған, егжей-тегжейлі салық заңнамасы;

- салық қызметтерін ұйымдастырудағы функционалды әрекеттердің үстем болуы. Функционалды принцип бақылау және тең құқылы жүйесін қалыптастырады, қызметкерлердің білім деңгейін арттыруға және мамандандыру мен кешенді әдіс-тәсілдер арқылы еңбек өнімділігін көтеруге мүмкіндік тудырады. Бұл принцип салық қызметтерін жүргізу барысында бірізділікті қамтамасыз етеді;

- салықтық бақылау тұжырымдамасының бар болуы, мамандардың энергиясын бақылаудың басты бағыттарына шақырау, ауқымды ақпараттық деректер қоры негізінде бақылау үшін кәсіпорындарды іріктеу;

- басты критерийлер турасында салық қызметінің органдары мен мамандарының жұмысын саралау, салықтық бақылаудың тиімділігін көтеру үшін мотивация беру. Зерттеу қортынындылары Қазақстан Республикасы Салық қызметі мекемелерінің жұмысындағы басты бағыттарды анықтауға мүмкіндік береді. Белгіленген мөлшерді іске асыру мақсатында салық қызметі мекемелерінің салықтық әкімшілендірудің сапасын мамандандыру бағытындағы әрекеттер жоспарын дайындайды және бекітеді. Аталған жұмыс кәсіп-қоғамдастықпен өзара ынтымақтастық аясында қолданылады [5, 6].

Бүгінгі күнде бұл жүйенің дамуы ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің салық мекемелерінің жұмыс принциптерін жаңартумен, қызметкерлердің еңбек даярлық деңгейін көтерумен жәге ақпараттық қамсыздандырудың жұмыс жүйесін жақсартумен байланысты.

Мақалада айтылған зерттеулерді талдай келе, төмендегідей қорытындыға келуге болады:

- Салықтық бақылаулардың, құжаттар мен аймақтарда тексерулердің сапасын көтеру;
- Бухгалтерлік есептерде анықталмаған және салық механизмдерінің жасырылған экономикалық сондай-ақ салық органдарынан жасырылған экономикалық операциялардың жолын кесу;
- Есептерде көрсетілмеген қолма-қол ақша айналымдары қысқару үшін тек қағаз жүзінде бар жалған кәсіпорындардың жолын кесу;
- Салық төлеушілердің нақты мекен-жайын тіркеу; салық есептілігін ұсынбайтын кәсіпорындардың мәжбүрлі түрде қызметін тоқтату;
- Кәсіпорындардың банкт шоттарын тіркеу және қадағалау;
- Жеке және заңды тұлғалардың банктік шоттарын, соның ішіндегі банктік офшорлық шоттарды жіті бақылау. Ол үшін өзге елде тіркелген банк шоттарын міндетті түрде тіркеп, бас тартқандар үшін қатаң шаралар қолданылуы керек.;
- Төлеуден әдейі жалтару фактілері үшін төлемді олардың мүліктері арқылы міндетті өндіріп алу, жеке тұлғалар мен менеджерлерді жеке жауапкершілікке тарту керек.

Европның көптеген елдерінің тәжірибесінде салықтық бақылаулар үшін салық төлеуші тұлғаларды жіктеудің тиімді әдіснамасының болуы салықтық қадағалау жүйесін тиімді ұйымдастырудың бірінші кезекте екені көрсетеді. Осы әдісті ғана қолдану салықтық бақылау ұйымдарының қызметкерлеріне елеулі жүктеме барысында олардың нәтижелері бойынша бюджетке қосымша есептеулер енгізу тұрғысынан да, осы әдістің салық төлеушілерге профилактикалық әсер етуі тұрғысынан да қызметтің барынша нәтижелігін арттыра алады. Салық жүйесі, салық қызметтерінің дамуы үрдісі нәтижесінде нақты факторлармен анықталады. Жүргізілген талдаулары мемлекет бюджетіне салықтық аударымдардың көлемі мен құрылымның ағымдағы жағдайына байланысты. Бүгінгі таңда Қазақстанның салық жүйелеріне тән басты мәселелер мен қажетсіз аспектілер шикізат секторына басым тәуелділік; еңбек ресурстарына тікелей байланысты салық мөлшерлемесі; көлеңкелі экономика болып табылады. Бұл салық түсімдерінің айтарлықтай мөлшерде азаюына алып келеді. Аталған мәселелерді шешу үшін шикізат есебінсіз салық түсімдерін ұлғайту; салық жауапкершіліктерінен қасақана жалтару және алаяқтықпен күрес тұрғысында салықтық әкімшілік жүйесін күшейту қажет.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Решетняк, А.В. Налоговый контроль как правовая категория [Текст] А.В. Решетняк. [Текст]: непосредственный // Молодой ученый. – 2016. – № 11 (115). – С. 1338-1341.

2. Илья Л. Налог на финансовые транзакции как возможный инструмент развития интеграции в ЕС. [Текст] / Современная Европа. - 2020, - № 5. - С. 165–172.

3. Мусаева Х.М. Уровень налоговой нагрузки и факторы его определяющие [Текст] / Мусаева Х.М. // Экономические науки. – 2018. – № 12. – 244 с.

4. Титизян А. Налоговый контроль как инструмент предупреждения налоговых правонарушений [Текст] / Корзоватых Ж.М. // Евразийский Союз Ученых. Экономические науки. – 2017. – № 1 (34)

5. Кузнецов Л.Д. Правовая характеристика налоговой системы США [Текст] //2017. Том 7 № 9А. С. 222-231.

6. Сатарова А.А. Актуальные проблемы и перспективы налоговой реформы в РК. [Текст] / журнал «Налоговое право». -№ 4, - 2019. - С. 126-131.